

Орта және жоғары кәсіби білім беретін оқу орындарының түлектерін-жастарды әлеуметтік қорғау бойынша қосымша шаралар ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Нұра ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 3 ақпандағы N 02/01 қаулысы. Қарағанды облысы Нұра ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 7 наурызда N 8-14-164 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 24 қыркүйектегі N 22/04 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра ауданы әкімдігінің 2012.09.24 N 22/04 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабының 6) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына сәйкес, жұмыссыз азаматтарды-орта және жоғарғы кәсіби білім беру орындарының түлектерін жұмысқа орналастыру, олардың практикалық тәжірибесін, білімдері мен дағдыларын қалыптастыру мүмкіндіктерінің аясын кеңейту мақсатында, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса тіркелген жұмыссыз жастар үшін дипломнан кейінгі кәсіби тәжірибені ұйымдастыратын Нұра ауданының кәсіпорындары, ұйымдары, мекемелерінің тізімі, қаржыландыру көзі және қатысу мерзімі бекітілсін.

2. "Нұра ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (әрі қарай – жұмыспен қамту бөлімі) және "Нұра ауданының жұмыспен қамту Орталығы" (әрі қарай – жұмыспен қамту Орталығы) :

1) кәсіби бойынша орта және жоғарғы кәсіби білім беру орындарын бітірген, жұмыспен қамту бөлімінде немесе жұмыспен қамту Орталығында жұмыссыз ретінде тіркелген жұмыссыз жастардың арасында Жастар тәжірибесін өткізу жұмысын ұйымдастырсын, еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және жұмысқа орналасуға жәрдем жасасын;

2) тізімге сәйкес жұмыссыздарға-кәсіби оқу түлектеріне уақытша жұмыс орындарын ұсынуға ниет білдірген жұмыс берушілермен Жастар тәжірибесі аясында жұмыссыз жастар үшін дипломнан кейінгі кәсіби тәжірибені ұйымдастыруға шарт жасасын;

3) жастар тәжірибесін өткізу шараларын қаржыландыру мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырылсын.

3. Нұра ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 13 мамырдағы N 10/10 "Орта және жоғары кәсіби білім беретін оқу орындарының түлектерін жастарды әлеуметтік қорғау бойынша қосымша шаралар ұйымдастыру туралы" қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізіліміне N 8-14-146 болып тіркелген, 2011 жылғы 4 маусымдағы N 23 аудандық "Нұра" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Данияр Зарлықұлы Мақсұтовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Бексұлтанов

А у д а н ы

ә к і м д і г і н і н

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

3

а қ п а н д а ғ ы

N

0 2 / 0 1

қ а у л ы с ы н а

қосымша

Жұмыссыз жастар үшін дипломнан кейінгі кәсіби тәжірибе ұйымдастыратын Нұра ауданының кәсіпорындарының, ұйымдарының, мекемелерінің тізімі

N	Ұйымның атауы	Кәсіп (мамандық)	Жұмыс орындарының саны	Жұмыстың ұзақтығы (айлық)	Айлық жаламолы (мөлшері)
1.	"Нұра ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Заңгер	1	6	26 000
2.	"Нұра ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Саясаткер Филолог Тарихшы	1 1 1	6 6 6	26 000 26 000 26 000
3.	"Нұра ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Экономист Экономист Әлеуметтік жұмыс Әлеуметтік жұмыс	1 2 1 1	6 6 6 6	26 000 26 000 26 000 26 000
4.	"Нұра ауданының әділет басқармасы" мемлекеттік мекемесі	Заңгер	5	6	26 000
5.	Шаруашылық жүргізу құқығындағы "Халыққа қызмет көрсету орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорынының филиалы	Заңгер	3	6	26 000
6.	"Нұр Отан" халықтық-демократиялық партиясының Нұра аудандық филиалы	Заңгер	1	6	26 000
7.	"Нұра ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Заңгер	2	6	26 000

8.	"Нұра ауданының білім беру, денешынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Есепші	1	6	26 000
		Педагог	1	6	26 000
9.	"Нұра ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Есепші	1	6	26 000
		Программист	1	6	26 000
10.	"Нұра ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Заңгер	1	6	26 000
		Есепші	1	6	26 000
11.	"Нұра ауданының құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Программист	1	6	26 000
		Есепші	1	6	26 000
12.	"Нұра" газетінің редакциясы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Программист	1	6	26 000
13.	"Нұра ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Экономист	1	6	26 000
14.	"Нұра ауданы бойынша салық басқармасы" мемлекеттік мекемесі	Салық ісі	1	6	26 000
		Программист	1	6	26 000
15.	"Киевка кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Программист	1	6	26 000
		Есепші	1	6	26 000
		Заңгер	1	6	26 000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК